МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «А» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы

**1 - апта ( 04-08 сәуір 2022 жыл)**

Бекітемін:
Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Аманшеева А.Ж

Тәрбиеші: Жумабекова М.Б

**Өтпелі тақырып: « Біз еңбеккор баламыз »**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 04.04** | **Сейсенбі 05.04** | **Сәрсенбі 06.04** | **Бейсенбі 07.04** | **Жұма 08.04** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңе кеңес, әңгімелесу.** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығу кешені № 14 | | | | |
| **Ойындар, (үстел үсті, саусақ жаттығулары** | қ.с № 11 картотека.<br>Ыдыстарды толықтыр. | т.с № 6 Каротека<br>«Жоғарыда-төменде» | қ.с № 23 картотека.<br>Бұл қай мезгіл? | ш.с № 7 Картотека<br>«Құстар» | ә.с № 1 Картотека<br>Қара да, қайтала |
| **Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Г дыбысы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Г дыбысымен және әрпімен таныстыру. Г дыбысынан басталатын сөздерді ойлайды, дыбыстық талдау жасай білуге дағдыланады, сөздерді буындап оқи біледі.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**:«Табиғат менің өз үйім»<br>**Шарты:** Сурет бойынша сөздерді пайдаланып әңгіме құрастыру арқылы айыр ағаш қандай әріпке ұқсайтынын айтқызу, Г г жіңішке дауысты дыбысымен таныстыру.дыбысымен таныстыру.<br>**Құрылымдалған ойын:** «Дыбыстар әлемі»<br>**Шарты:**Дыбыстардың белгілерін ажыратады,суреттен +Гг дыбысы бар сөздерді табады | **1.Математика негіздері.**<br>***Тақырыбы:*** Шартты өлшем.<br>***ҰОҚ мақсаты:*** шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын дамыта алады.<br>П.ж . ойын: «Өлшеп үйренеміз»<br>шарты: Заттарды салыстырады, өлшейді.<br>Қ. ойын : « Санап білемін<br>Шарты: Заттарды санай отырып, салыстырады.<br>Еркін ойын: « шартты өлшем»<br>Шарты: шамасы бойынша салыстырады.<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:** Наурыз-көктем мерекесі.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Наурыз | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Г дыбысы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Г дыбысымен және әрпімен таныстыру. Г дыбысынан басталатын сөздерді ойлайды, дыбыстық талдау жасай білуге дағдыланады, сөздерді буындап оқи біледі.<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:** «Дыбысты ажырат»<br>**Шарты:** суретте берілген дыбыстарды дұрыс атап үйренеді<br>**Құрылымдалған ойын:** "Қырық аяқтар".<br>**Шарты:** Үстел үстінде екі қолдың саусақтарының ұшын қоямыз.Қырықаяқтар сияқты саусақтарды жүргіземіз.Дәптермен жұмыс.<br>**Еркін ойын:** "Сиқырлы сөз"<br>**Шарты:**:Кеспе әріптерден сөз құрайды.<br><br>**2.Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:** Әз Наурызым, | **1.Құрастыру.**<br>**Тақырыбы:** Жаңғақ қабығымен құрастыру.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Пайдаланған жаңғақ қабықтарынан ермексазды пайдалана отырып, өз қалауларынша бейнелер құрастыру алуға білімдерін кеңейтеді. Бір-біріне көмек бере білуге тәрбиелей алады.<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:** «Біле жүрейік»<br>**Шарты:** Жаңғақ қабығынан бейналер құрастыруға болатынын түсіндіру, әңгімелесу.<br>**Құрылымдалған ойын:** «Бейнелер құрастыр»<br>**Шарты**: Дайын үлгіге қарап, жаңғақ қабығынан бейналер құрастырады.<br>еркін ойын:<br>Шарты: өз ойларынан бейнелер құрастырады | **1.Өзін-өзі тану.**<br>**Тақырыбы:** Еңбеккор баламыз.<br>**ҰОҚ мақсаты:** «еңбек», «еңбексүйгіштік» туралы түсінік алады.<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:**"Не деу керек" өлеңін оқу.<br>**Шарты**: Күнделікті өмірде жиі қолданылатын,сәлеметсізбе,кешіріңіз т.б сөздерін еске түсіру арқылы сұрақ қою,әңгіме өрбіту.<br>**Құрылымдалған ойын:** «Не деу керек»<br>Мақсаты:Ойынды бастаған бала допты жолдасына лақтырады, қағып алған бала сыпайы,әдепті сөздерді айтады..<br>**Еркін ойын:"Ғажайып сөздер"**<br>**Шарты:**Сабақта айтып үйренген жақсы сөздерді бір бірлеріне айтады.<br><br>**2.Музыка.**<br>**Тақырыбы:** Қайырлы таң!<br>**ҰОҚ мақсаты:** Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбысы бар сөздерді табады дыбыстық талдау жасайды, Гг бастырып жазады, (дауысты-жуан /жіңішке, оларды дұрыс атайды<br>**Еркін ойын**: «Жұдырық»<br>**Шарты:**Сөздегі дауысты дыбыстардың санын ерекшелейді, буындардың ретін аныұтайды.<br><br>**2.Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:** Көктем белгілері.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Табиғаттағы маусымдық өзгерістер жайлы; сүңгі, тамшы сынды құбылыстар туралы түсініктерін кеңейтеді. Бірлесіп зерттеулер жүргізуге қызығушылық танытады.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>**«Суреттер Шарты:**Сурет бойынша көктем мезгілінің ерекшеліктерін қажетті сөздерді дұрыс қолдануды қалыптастыра отырып оларды сөйлегенде белсенді қолдана біледі..<br>**Құрылымдалғанойын**<br>«Көктем өрнектері»<br>**Шарты::**Қима қағаздардан көктем мезгілінің суретін құрастыра отырып.қажетті сөздерді сөйлегенде белсенді қолдана біледі.<br>**Еркін .ойын** «Көрікті көктем»<br>**Мақсаты:**:көктем мезгілінің суреттерін салады.<br><br>**3.Денешынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Мерген.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Шапшаң | **ҰОҚ мақсаты:** Наурыз мерекесі туралы мәлімет алады, білімдерін арттырады. Сөздік қорын дамытады, жаңа сөздерді меңгереді.<br>**П.ж.ойын: «**Суретші нені шатастырды?»<br>**Шарты:** Сурет бойынша суретшінің нені шатастырып алғаны туралы сұрақ қоя отырып Наурыз мерекесінің шығу тарихы мен салт дәстүрі туралы әңгімелету<br>**Құрылымдалған ойын:**. «Наурыз көңілді мереке»<br>**Шарты**:Театрландырылған өнердің алуан түрлі тәсілдерін және жанрларын (драмалық, музыкалық, қуыршақ, аңдар театры және бағы басқа) меңгеру;<br>**Еркін ойын: «Сөзді тап»**<br>**Шарты:** «Татаулық» сөзіне мағынасы жуық сөздер ойлап табу.<br><br>**3.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** Қызғаншақ қонжықтар.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Түрлі жануарлардың сипаттық ерекшеліктерін байқап және оларды суретте бейнелей біледі. Дұрыс қарым-қатынас дағдыларын игереді. Достыққа, татулыққа, қызғаншақ болмауға үйренеді.<br>П. ж ойын: «Артығын | **Тақырыбы:** Әз Наурызым, армысың!<br>**ҰОҚ мақсаты:** Наурыз мерекесі туралы біледі. Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен танысады. Қазақ халқының жаңа жылы туралы білімдерін кеңейте алады. Өз елінің салт-дәстүрлерін құрметтей білуге тәрбиелейді. Сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге сөздік қорларын молайта алады.<br>**П.ж.ойын: «Суреттер сөйлейді»**<br>**Шарты:**Сурет бойынша әңгіме құрастыру,Қазақтың ұлттық тағамы, киімі,ою өрнек түрлерін таныстыру.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Наурыз жыл басы»<br>**Шарты;** Грамматикалық дұрыс сөйлеу тілі жетілді<br>**Еркін ойын: «Наурыз көже».**<br>**Шарты:** Наурыз көжеге қосылатын заттарды атайды..<br><br>**3.Орыс тілі.**<br>**Тақырыбы:** Наурыз**.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Учить составлять рассказ по картине, находить знакомые слова в тексте стихотворения; закреплять умение правильно строить предложения, четко прозносить звуки русского языка, развивать внимание, воспитывать интерес к празднику Наурыз.<br>**И/Р/У «Вспоминай и называй».**<br>Дети встают в круг. Педагог бросает мяч, называет слова на родном языке по теме прошлого занятия. слушают педагога, ловят мяч, называют слова на русском языке.<br>**Д/У: Педагог показывает картину «Наурыз».**<br>Беседа по картинке<br>– Что вы видите на картинке? Как одеты люди? Какое у них настроение? **Физминутка** | бейналер құрастырады.<br>еркін ойын:<br>Шарты: өз ойларынан бейнелер құрастырады<br><br>**2.Денешынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Асық ойнау.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастырады. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталайды. Балалар асықпен ойналатын ойындарды дұрыс ойнай білуге тәрбиеленеді.<br><br>**П.ж ойын: « Асық ату»**<br>**Шарты: асықты алыс және жақын жерден атып тигізеді.**<br>**Қ. ойын: «Ханталапай»**<br>**Шарты: асықты ортаға шаша отырып, таласып, ханды алады.**<br>**Еркін ойын: «Қуып жет»**<br>**Шарты: қуысып зал ішінде ойнайды.**<br><br>**3.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:** Гүл салынған ыдыс.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Бүктеу әдісін қолданып, жаңа жапсыру тәсіліне үйренеді.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>«Ғажайып гүл-бәйшешек»<br>**Шарты:**Гүлдер туралы | жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйренеді. Қолмен бағытын көрсете отырып әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратады. Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастырады.<br>Музыка тыңдау: «Бұлбұл» (Дина Нұрпейісова).<br>Дина Нұрпейісова – күйші – композитор. Дина тоғыз жасынан күй тартып, Құрманғазыдан күй үйренген. Кейін өзі күй шығаратын болған. Динаның «Әсемқоңыр», «Бұлбұл», «Жеңіс», т.б. көптеген күйлері бар. «Бұлбұлда» әнші құстың сайрағаны күй арқылы көрсетілген. («Қазақ композиторлары және музыкалық аспаптар»)<br>Ән айту: өткен әндерді еске түсіріп, мәнеріне келтіріп орындатып, қайталатамын. Дауысты қалыпқа келтіріп, дауысжаттығуын жасатамын.<br>Ән үйрену: «Қайырлы таң» (Е.Өміров, А.Тойшанұлы).<br>Е.Өміровтың суретін көрсетіп, қысқаша мағлұмат беремін («Қазақ композиторлары және музыкалық аспаптар»).<br>Әнді орындап, балалардан ән туралы сұраймын.«Шапақ», «рауан» деген сөздерге тоқталып, түсіндіремін. Әнді бөліп-бөліп үйретіп, соңынан қосып айтқызамын.<br>Музыкалық аспапта ойнау: «Тұяқтас» аспабымен таныстырамын. Ұрмалы аспаптың ойналу техникасын көрсетемін. «Сәулем-ай» әуеніне ырғақпен ұрып көрсетемін. Бірнеше балаларды шығарып, асатаяқ, тұяқтас, сылдырмақтармен әуенге ілесіп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүруге, секіруге, заттарға денесін тигізбей еңбектей білуді жалғастырады. Жүгіріп келіп, биіктікке секіруді үйренеді.<br><br>**4.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:** Тостаған.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Балалар қазақтың сәндік қолданбалы өнерімен танысады. Қымыз құятын ыдыс тостағанымен танысады. Ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудара отырып оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдермен танысады.<br>**П.ж.ойын:** Слайд арқылы ұлттық ыдыстармен таныстыру **«Көлеңкесін тап»**<br>**Шарты:**Балалар ыдыстардың көлеңкесін тауып орналастырады.<br>**Құрылымдалған ойын:** «Тостаған»<br>**Шарты:**Тостағанды ермексаздан мүсіндейді, өз жұмысының нәтижесін бағалайды.<br>**Еркін ойын:**<br>**Сюжеттік-рөлдік ойын «Әжемнің наурыз көжесі »**<br>**Шарты:**Дастархан жасап тостағанмен наурыз көже ішеді. | тап»<br>шарты: үй жануарларының арасынан артық аңды табады.<br>Қ. ойын: «Адасқан қонжықтар.»<br>шарты: қонжықтарды анасына табыстыру.<br>Еркін ойын: Қызғаншақ қонжық»<br>шарты: қонжықтың суретін салу.<br>**4.В/К**<br>**Ұлттық ойындар**<br>**Тақырыбы:** «Біздің ойындар»<br>**Мақсаты:** Балаларды ойнаған ойындар туралы сурет салуға үйрету.<br>Көрме ұйымдастыру.<br>Альбом жасау. | **«Встречаем Наурыз»**<br>В комнате все приберем,<br>И ковер почистим.<br>В гости к бабушке пойдем<br>Ей споем и спляшем.<br>Дети повторяют слова и движения за педагогом.<br>**Р/У:** Предлагает послушать стихотворение С. Баязитова «О празднике<br>Наурыз» Найди знакомые слова.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Тақырыбы:** Наурыз-жыл басы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Ұлттық рәсім туралы қарапайым түсінік қалыптастырады, сыйластық сезімін тәрбиелейді.<br>**Музыка тыңдау: «Ақ сиса»** (Жаяу Мұса).<br>Ата әнді орындап болып, балаларға Мұсаның неліктен Жаяу Мұса атанғанын баяндап береді. Сол кездегі байлардың кедейлерге жасаған зорлық-зомбылығын әңгімелейді.<br>**Ән үйрену: «Наурыз – жыл басы».** Әнді орындап беремін. Ата мен әжеге қосылып үйренулерін сұраймын.<br>– Әнде не туралы айтылған?<br>– ән көңілді ме, әлде көңілсіз бе?<br>Әннің бірінші шумағын қайырмасымен бірге үйретемін.<br>Ата мен әжеге өткен әндерді қайталап айтып береміз.<br>**Ойын: «Арқан тартыс».**<br>Ата өзімен бірге арқан ала келгенін айтады. Қазақтың ұлттық ойыны – арқан тартуды екі командаға бөліп ойнатамын.<br>– «Міне, бүгін күн мен түн теңелді», – деп, **«Күн мен Түн»** ойынын | әдемі әуен тыңдай отырып, гүлдердің әсемдігін айтқызу арқылы көктемнің алғашқы дала гүлдерінің суретін көрсетіп түсіндіру.<br>**Құрылымдалған ойын :** « Құмыра»<br>**Мақсаты:** құмыраның суретін үлгіге қарап отырып салады.<br>**Еркін ойын** «Шаттану »<br>**Шарты:**Көктемнің шуақты күндеріне қуануды,шаттануды түсіну<br><br>**4.В/К Ойламыз, ойнаймыз.**<br>**Тақырыбы:**<br>Есептер шығару<br>**Мақсаты:**<br>Арттыру,кеміту және ауызша,жазбаша есептеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**П.ж. ойын:** «Күн менен түн»<br>**Мақсаты:** Алдаркөсе мен Қожанасырдың қонаққа келуі,Наурыз мейрамы туралы түсінік беруі<br>**Құрылымдалған ойын:** «Наурыз-жаңару мерекесі».<br>**Шарты:** Наурыз-Қазақтың ұлттық мейрам екенін айта отырып,ертегі кейіпкерлерінің қонақжайлылығын түсінеді.<br>**Еркін ойын:** «Наурыз көже»<br>**Шарты:**Наурыз жеті түрлі дәмнен жасалатыны туралы түсінеді. | ойнатамын.<br>Балалардың қалауы бойынша үйренген билерді қайталатамын<br><br>**3.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Бүйрек.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Бүйректің қызметімен танысады. Әр адамның дене мүшесіне қамқорлықпен қарау керек екенін түсінеді.<br>**П.ж ойын:**« Бүйректің ішкі құрылымы»<br>**Шарты:бүйректің ішкі құрылымын құрастырады.**<br>**Құрылымдалған ойын:** «бүйректің сыртқы бөліктері»<br>**Шарты:** сырты бөліктерін құрастырады.<br>**Еркін ойын: «Бүйрек»**<br>**Шарты:** адам денесінің құрылыстарын ажырату, бүйрек қызметін айтады, орналастырады.<br><br>**4В/К Логика әлемі**<br><br>**Тақырыбы: 9 саны мен цифры.**<br>**Мақсаты: 9 санымен және цифрымен таныстыру.**<br><br>Кім тапқыр? Ойын.<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Ойын,тілін,танымдық қабілетін дамытады.Ұқыптылыққа, тәртіптілікке, әдептілікке тәрбиеленеді.<br>**П.ж.ойын:** «Осы пішіндегі затты тап»<br>**Шарты:**қоршаған ортадан таныс геометриялық денелерді табу дағдысын түсіндіру<br>**Құрылымдалған ойын: «Ғажайып тапсырмалар»**<br>**Шарты:**Қарапайым мысалдар мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ұсынамын. | | есептерді шеше білу дағдыларын біледі.<br>**Еркін ойын:** «Күрделі тапсырма»<br>**Шарты:**мысалдар мен есептерді шеше біледі. |
| **Серуен, бақылау** | **Серуен № 3**<br>**Ұшып келген құстарды бақылау** | **Серуен № 4**<br>**Мойыл бұтасын бақылау** | **Серуен № 5**<br>**Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау** | **Серуен № 6**<br>**Тастарды бақылау.** | **Серуен № 7**<br>**Бұлттарды бақылау.** |
| **Баланың даму картасы** | спорттық ойын жаттығуларын меңгерту. | дыбыстарды анық айтуды, интонацияны игерту. | заттарды түрлі белгілері бойынша салыстыра алу. | көкөністер, жемістерді шынайы бейнесінен және елестетуі бойынша суреттерін салу. | жақсы мен жаман әрекеттерді ажырата алу. |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Сандарды тура және кері санату.Ертегіні айтқызу. | Буынға бөліп оқыту,дыбыстық талдау жасау. | ересектер мен жақындарына мейірімділік, сыйластықты білдірте алуды үйрету. | отбасы мүшелеріне өзінің жақсы көру сезімдерін білдіре білуді үйрету. | таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналату. |